

Тіркелу күні:07.05.2009ж

«Арба»тірек-қозғалыс
аппаратының қызметті
бұзылған мүгедек-азаматтарды
қолдау қоғамы» қоғамдық
бірлестігі

Батыс Қазақстан облысы, Орал
қаласы, Привокзалный көшесі 85



*Жобаның авторы:Измагамбетова Назгул
Амангелдиевна.*

Уқалау-сипалау бөлімі

Жобаның мақсаты:

Мүмкіндігі шектеулі жандарға және сау адамдарға өз оқып-үйренген уқалау-сипалау ем-шарасын жүргізіп жатырмын. Осы жасап жатырған уқалау-сипалау ем-шарасын әрі қарай дамытып адамдарға көмегімді тигізіп жүрсем және болашақта өзім секілді мүмкіндігі шектеулі жандарға өз білгенімді үйрету.

Жобаның бағытталған әлеуметтік топтары:

Мүмкіндігі шектеулі жандармен және сау адамдардың азда болса денсаулығының оңалуына үлес қосу, және өз тәжірбиемді дамыта отырып, өз қаржылай қажеттілігімді қанағаттандыру.

▶ Жобаны жүзеге асыру:

Бақ өкілдері, әлеуметтік жүйе, жарнама беру, визитка, брошюр тарату арқылы жобаны әрі қарай дамытып, клиенттердің санын артыру.

▶ Күтілетін нәтиже:

Клиенттердің азда болса тәуір болып кетуі, өзіме табыс көзі, өзім секілді мүгедек жандарды үйретіп соңыма шәкірт тастап кету.

Оралда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған массаж кабинеті ашылды

12.03.2015 07:55



Орал қаласында корей этномәдени бірлестігінің қолдауымен мүгедек арбасына таңылған жандарға арналған массаж кабинеті ашылды.

Ол «Арба» қоғамдық бірлестігінің жанынан құрылды. Бұл қайырымдылық жобасы Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына орай ұйымдастырылып отыр. Енді мүмкіндігі шектеулі жандар емдік массаждың қыр-сырына қанығып, жаңа мамандықты игеретін болады. Мұндағы сылап емдеу курсы тәжірибелі дәрігер Виталий Ан өткізуде. Әзірге курсқа «Арба» қоғамдық қорының 7 мүшесі жазылыпты. Солардың бірі – Назгүл Ізмағамбетова. Екі жылдан бері осы қоғамдық қорға кірген ол 8 жыл бойы үйінен шықпапты. «Қоғамдық қорға келгелі өмірім күрт өзгерді. Түрлі шараларға белсенді қатысып келемін. Міне, енді жаңа мамандықты игеріп жатқан жайым бар», - дейді Назгүл. Мұндағы қыз-келіншектердің барлығы бір айдың ішінде өз бетімен массаж жасауды үйреніп алған.

Виталий Ан, дәрігер:

- Аз ғана уақыттың ішінде мынадай нәтижеге қол жеткіземіз деп еш ойламаған едім. Қыздар емдік массаждың қыр-сырын асқан қызығушылықпен игеруде. Курс аяқталған соң, біз олардың қолына сертификат ұстатамыз. Қыздар сол арқылы жұмыс істеп, табыс табатын болады.

Назгүл Ізмағамбетова, «Арба» қоғамдық қорының мүшесі:

- Мен осы курсқа бір айға жуық қатысып келемін. Маған өте ұнады. Бұл кісіден сабақ алғаным өте қуаныштымын. Осы мамандығымыз бойынша жұмысқа тұрып, табыс табамыз деген ой бар.

Массаж бөлмесі ашылды

Өткен аптада «Арба» қоғамдық бірлестігінің ғимаратында массаж бөлмесі ашылды. Мұнда арнайы шеберлік класынан өтіп, маманданған мүмкіндігі шектеулі жандар қол-аяқтары ұзақ жыл қимылсыз қалған мұқтаж жандарға массаж жасайтын болады.



Батыс Қазақстан облысы корей этно-мәдени бірлестігінің «Келешекке көзқарас» әлеуметтік жобасы шеңберінде ашылған массаж бөлмесіне арнайы кереуетті сыйға тартқан – кәсіпкер, Ақсай қаласындағы «Монтажтехсервис» ЖШС-

ның бас директоры Болат Сәрсенов. Ал дәстүрлі емес медицина докторы Виталий Ан мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы шеберлік класын өткізуде. БҚО бойынша корей этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Максим Пак: – Биыл жыл бойы біздің бірлестікпен ұйымдастырылатын шаралардың бәрі Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы аясында өтетін болады. Және бүгінгі массаж бөлмесінің ашылуы да «20 қайырымды іс» акциясын жүзеге асырудың бір көрінісі, – деп атап көрсетті.

Ал демеуші-кәсіпкер Болат Сәрсенов мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайы өзіне жақсы таныс екенін айтты. Бірақ оның қол-аяғын сақтап қалуға дәрігерлердің мүмкіндігі болыпты. – Осындай массаж бөлмесі Ақсай қаласында да ашылды. Қазір табысты жұмыс істеп тұр. Рас, мүмкіндігі шектеулі жандар мемлекет қамқорлығын сезініп отыр. Бірақ біз секілді кәсіпкерлер тағдыр теперішін көрген жерлестерімізге әрдайым қолдау көрсетіп, қолұшын созуға тиіспіз. Сіздерге үміт сыйлау бақытына ие болғанымға өте қуаныштымын. Массаж кереуетін игіліктеріңізге жаратыңыздар, – деді Болат Анатайұлы.

Ал Виталий Константинұлы шеберлік класының осы айдың аяғына дейін созылатынын айтты. Және арбаға жылдар бойы таңылған жандарға жасаған ем-шаралары нәтижесіз емес көрінеді. Журналистер мен массаж бөлмесін көруге келгендер Виталий Константинұлының қатысуымен болған уқалау үдерісін көздерімен көрді. «Арба» ҚБ-ның төрайымы Гүлмира Батпақұлова мүмкіндігі шектеулі жандарды сауықтыруға бағытталған массаж бөлмесінің алдағы уақытта қолжетімді бағамен қала тұрғындарына да қызмет



«20 ізгі іс» жобасының аясында Оралда мүмкіндігі шектеулі жандар үшін массаж кабинеті ашылды

Кәріс этномәдени бірлестігінің бастамасының арқасында Батыс Қазақстан облысында «20 ізгі іс» акциясының аясында «Арба» қоғамдық бірлестігінен массаж кабинеті ашылды, деп хабарлады ішкі саясат басқармасы.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН 14 Сәуір , 12:18

«Болашаққа көзқарас» әлеуметтік жобасының аясында шығыс массажының игілігін мүмкіндігі шектеулі 5 азамат көрді. Өзінің осы сала бойынша білімі мен біліктілігін дәстүрлі емес шығыс медицинасының дәрігері және массаж ісінің маманы Виталий Ан үйретуде. Ол Бөрлі аудандық кәріс этномәдени орталығының төрағасы. Массаж кабинетін ашу үшін арнайы бөлме қажет болған, оған кәсіпкер Ахат Иманғалиев қолғабыс еткен.

Ішкі саясат басқармасының мәліметтерінше, қоғамдық ұйым қатарында 160 адам бар, олардың 8-і ғана жұмыс істейтін болса қалғандары, қызығушылықтарына қарай өздеріне қажетті кәсіп тауып жұмыс істеуде. Ал массаж бөлмесінің ашылуы ұйымның өзге мүшелерінің пайдалы істермен айналысуларына мол мүмкіндік тудырмақ.

«Арба» қоғамдық бірлестігінің өкілдері кәріс этномәдени орталығы мен ортақ іске қолғабыс еткен кәсіпкер азаматқа дән риза. «Этномәдени бірлестік өкілдерінің бұл істері «ҚХА-20 ізгі іс» акциясының жарқын көрінісі және ол алдағы уақытта да жалғасын таба беретін болады», - дейді ұжым өкілдері.

БҚО: «Арба» қоғамдық бірлестігі ашық есік күнін өткізді



ОРАЛ. ҚазАқпарат - Орал қаласындағы «Арба» қоғамдық бірлестігі жаңа ғимаратқа орналасуына байланысты бүгін ашық есік күнін өткізді.

Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев қатысқан шарада «Арба» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Гүлмира Батпақұлова жаңа орында тігін, мүгедектер арбасын жөндеу шеберханалары, компьютер сыныбы, дайын тәтті тағамдар үшін тұрмыс бөлмесі және сылап-сипау кабинеті жұмыс жасап жатқанын атап өтті.

Соның ішінде массаж кабинеті бұдан бір ай бұрын «Келешекке көзқарас» әлеуметтік жобасы аясында корей этномәдени бірлестігінің бастамасымен ашылған. Дәрігер-сылаушы Виталий Анның сөзіне қарағанда, мұнда келушілер сылауға үйренеді. Курсты бітіргеннен кейін олар жұмысқа орналаса алады. Күні

бүгін бес адам шеберлік сыныбынан өтуде. Сондай-ақ тігін бөлмесінде мүмкіндігі шектеулі жандар арнайы тапсырыспен көрпе-көпшік дайындаса, компьютер бөлмесінде компьютерде жазу, онымен жұмыс жасауды үйренеді. Ал тұрмыстық бөлмеде олар тәтті тағамдар пісіріп, ғимаратқа келушілерге ұсынады.

Қоғамдық бірлестіктің тыныс-тіршілігімен танысып, компьютер сыныбына ноутбук тарту еткен өңір басшысы Нұрлан Ноғаевтың атап өткеніндей, мүмкіндігі шектеулі жандардың мұндай еңбегі үлгі етуге тұрады. Мәселен, емдік сылап-сипаудың қыр-сырын меңгерген қоғамдық ұйымның мүшелері қазір өздері осы бағытта жұмыс жасауда. Бұл, бір жағынан, оларға қосымша табыс, әрі бос уақытын тиімді пайдалану үшін аса қажет. Тағдырдың тауқыметін тартқан осындай жандарға кәсіпкерлер, басқа да адамдар бейжай қарамай, қолдау көрсетіп келеді. Мемлекет өз тарапынан бар жағдайды жасауда. Елбасымыз әр Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету қажеттігін назардан тыс қалдырған емес. Төрт құбыласы тең, он екі мүшесі сау адамдар да «анау жоқ, мынау жоқ» деп өмірден түңілгендей жағдайда жүреді. Олармен салыстырғанда, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге ұмтылысы, жан жылуы ерекше. Олардың болашаққа деген жоспарлары да ауқымды.

«Арба» қоғамдық бірлестігіне материалдық тұрғыдан қолұшын созып жүрген жандар аз емес. Осы кездесудің өзінде «Uniserv» ЖШС бас директоры Нұрғазы Сәтбаев көтергіші бар арнайы автокөлік алып беруге уәде етсе, Бөрлі ауданындағы «МонтажТехСервис» ЖШС басшысы Болат Сәрсенов «Келешекке көзқарас» жобасына қолдау көрсетуде.



төрайымы Гүлмира Батпақұлова (суретте) мұқтаж жандар қоғаммен етене араласып, еңбек етіп, өз нәпақасын тауып қана қоймай, ерқайсысының қоғамға да берері болуы керектігін бірлестік мүшелеріне үнемі айтумен келеді. «Арбаның» бүгінгі тірлігіне қарап, «мүгедек жандарға мемлекет қолдау көрсетуі тиіс» деген масылдықтың ауылы алыстағанын аңғардық.


Қазіргі таңда орынды жалға алып, түрлі қызметтің төтігін табуға тырысқан «арбалықтар» әрбір күнін кәсіп үйренуге, оны игілігіне жарты тағам көзге айнап алдыруға, бәсекеге қабілетті болуға ұмтылуда. Әрине, мұның барлығына қоғам төрайымы Гүлмира Асқарқызының сіңірген еңбегі ушан-теңіз. Мүгедек азаматтардың жағдайын жақсы түсінетін, білетін, жүрегімен сезінетін Гүлмираның айналасында бүгінде арбаға таңыла да, дербес өмір сүруге, ешкімге тәуелді болмауға, өз наным езі тауып жөуге ұмтылған жандар көп.

Привокзальная 85 мекенжайындағы үлкен гимнараттың тұтас бір қанатына қоныстанған «Арба» қоғамдық бірлестігінің тынымсыз тірлігі таңертен басталады. Мүгедектерді тасымалдауға арналған инва-таксимен күнбе-күн жұмыстарына асығатын жандар мұнда бір-бірімен өмір-жарқын өмірлесіп, еркін жанына жақын іспен шұғылданып, көңілдерін бірлейді. Бұл жер — олардың екінші үйі іспеттес.

Массаж бөлмесі жұмыс істейді

Көптеңдегі мақсатымызды білгенмен кейін Гүлмира әуелі бізді биыл жұмысын бастаған массаж бөлмесіне бастап барды. Біз барғанда уқалаушы Назгүл Ізмағанбетова бірлестік мүшелерінің біріне массаж жасау үстінде екен. Массаж бөлмесі «Келешекке көзқарас» әлеуметтік жобасы шеңберінде БҚО корей этно-мәдени бірлестігінің қолдауымен ашылған болатын. Жобаның жетекшісі — кәсіпкер, Ақсай қаласындағы «Монтажтехсервис» ЖШС-ның бас директоры Болат Сәрсенов. Дәстүрлі емес медицина ғылымдарының докторы, алматылық Виталий Ан шақыртумен арнайы келіп, мүмкіндігі шектеулі жандарды екі ай бойы корей массажына оқытты. Массаж кереуетін сыйға тартты. Ассамблея жылы аясындағы «20 қайырымды іс» акциясының заңды жалғасына айналған массаж бөлмесі бүгінде көңілге қонымды бағамен қала тұрғындарына да қолжетімді. Бұл қоғамдық бірлестіктің аз да болса табыс табуына жол ашты. Виталий Константиновичтің үздік шөкірті — Назгүл Ізмағанбетова өзінің сүйікті ісімен шұғылданып, мүмкіндігі шектеулі жандарға ғана емес, былайғы келушілерге де қызмет ұсынуда. Бір мезеттік кешенді массаж жасау қаламыздағы массаж бөлмелерінде — 6 мың теңгені құраса (он күнге 60 мың), «Арба» ҚБ-нің массаж бөлмесінде 2-ақ мың теңге (он күнге 20 мың). Жаны қалаған іспен шұғылданып жүрген Назгүл оңтүстік астанамызда тұратын ұстазымен жиі кеңесіп тұрады. Бүгінде «арбалықтар» мен Виталий Константиновичтің арасында өтпесіз достық, жылы

«Арбадағы» арайлы тірлік



Тігін – табыс көзі

«Арба» қоғамдық бірлестігі жанында тігін үйірмесі де жұмыс жасайды. Үйірме жетекшісі — Баян Сәрсенбаева. Баян 2014 жылы «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, сондай-ақ «Би Джи Интернешнл Лимитед (Казахстан)» компаниясының

«Арбалықтар» ұсынған қызметтерді пайдаланайық, жерлестер! Олардың да табыс табуына мүмкіндік берейік. «Арба» қоғамдық бірлестігінің мекенжайы: Привокзальная 85. Байланыс телефоны 97-12-17.

қаржылай қолдауымен ұйымдастырылған қайырымдылық жобаға қатысып, 510 мың теңге грант ұтып алған. Заманауи құрал-жабдықтар осы қаражатқа сатып алынған. Бүгінде ірілі-ұсақты жөндеу жұмыстарына қоса, ұлттық киімдер, төсек-орын, тағам т.б. тігін цехында

тасымен атқаруда. Ол Төрек жаймалары бір күнде, көйлек-көнікестің үш күнде дайын болатынын жеткізді. Әкімшісті, талсырыс аздау. Осы жерде мүгедек жандардың кәсіби шеберлігіне өлі де құман-қудігең қарайтын қоғамға өкпелеп қалдық — Біздің қызметіміз нарықтағы бағадан едәуір төмен. Сондықтан, қалалықтардың бізге талсырыс бергенін қалаймыз. Қызмет сапасы өзге тігіншілерден еш кем емес. Тіпті қала әкімі Алтай



келген тағы бір заманауи кәсіп бар. Ол — визажист. Яғни, тырнақ күтімімен (визаж бен маникюр) шұғылданытын маман. Бүгінде шаһарымыздағы «Mayu kau» компаниясының өкілдері Жанна мен Саша есімді қос Бойжеткен аптасына бір мәрте келіп, қоғам

өсындай дәмді тағам білмейтін деп. Барлығыне тиігәді, — деген Гүлмира. — да Әлеуметтік қатынаста өңбек академиясы студент құралған өркіткер балықтар бізге көрсетерміз, тағамды дайындайтын. Тұрмыстық бәрімізміз өзміз сүйіп өттетті тағамның қалай дәмді екенін көрсетіп, бізге белсене отырамыз. — дейді төрайымы.

Бесаспап маман

«Арба» қоғамдық бір тұрғынжайына кірге жақтағы бірінші есік шеберханасы. Бұл — б шаруашылық жұмыс



Компьютерді бәрі меңгерген

Көлгіновтің өзі бізге бір көлгенінде жабдықтарымызды көріп, таң қалғаны бар, — дейді Баян.

мүшелері арасында шеберлік класын өткізіп жүр. Шеберлік сағаттарын үйренушілер жаңа мамандықты толық меңгергенше жалғастыра бермек. Бұл істе әзірге Гүлсайра Ғатауованың етіліні басым. Білген адамға бұл да пайда әкелетін іс. Тіпті арнайы салон ашпай-ақ үйде отырып-ақ келушілерге қызмет көрсете беруге болады.

Ас-ауқатты өздері әзірлейді

Тұрмыстық бөлмеде буы бұрқырап пісіп жатқан бұршақ сорпасынан Раушан есімді бойжеткен бізге дәм ұсынды. Өзі дайындаған екен. Мұнда тоңазытқыш пен электр плитасы тұр. Қазіргі заманғы миксер мен еттартқыш та бар. Көуап даярлайтын грильді де байқап қалдық. Гүлмира Асқарқызы әрбір мүгедек жан өз-өзіне қызмет көрсете алуы тиіс деп есептейді. Талауда мүмкіндігі шектеулі қоғам мүшесіне ауқат әзірлеуді үйреткендерін айтады. Көдімгі жұмыртқаны қуыру үшін (электр плитасын өзі қосу, табаны отқа қою, май құю, жұмыртқаны келтір

уапты Павел Кочев жұмыс бөлмесі. Жаз мүгедек жандардың жөндеуге шақырту алап кететін Паша і жұмыс орнында бо компьютер істеміз ақ құлып салу керек б нан су ақпай қалса Пашаның көмегі. Сондықтан, аған түрлі мүгедектер жа қызметіне қатына қолөнер деме қолөнер үйір Баян Сәрсенбаева Тоқыма тоқым құмар Санду перзентханад шала туылған жун шұлықтар Біз «Арбада ішінде мұнда бармақтарын ісмер, шебер, бағалайтын ө жандардың бағ жетті. Олар ар қыңқ демей та мойынсунып же ұмттың нұры, се пен ұшары бар, таба алмай, с кейбір жатылшы өбден пайық. Р тұратын жалғер галамтор ме қызметтерді мүшелерінің к пей жатады. ниясы басшы сыйға тартып сақтандыруғ құрғыр қолба да, мүгедекті жасауға бола отырған қыз жатсынбай, са, қажетсіз көмек болд көмектесем табылып з қаржы-қарі Таяуда таң Аманғалие натын бег жаңапап жандарды Бір жылғы төлеп, өң кейбір біз жөндеуге уапты ісі! Гүлмир жандары төрбиез келетін арудың жүзеге келтір

Дэрігер: Виталий Ан дэріс өткізуде.




Массаж бөлмесінде жұмыс жалғасуда



Сау адамдарға да ,мүмкіндігі шектеулі жандарға да ем-шара жүргізіледі.







*Назар салып тыңдағандарыңызға
рахмет!!!*

30.10.2015ж